

МАЗМҰНЫ

Тәрбие ұштағанының идеологемалары.....	2
Тәрбие парадигмасын жаңарту.....	4
Кіріспе.....	6
Әр айдың іс-шаралары.....	9
Қолайлы білім беру ортасын құру және оның білім алушының мінез-құлқына әсері.....	10
Педагогтерге ұсынылады.....	11
Ата-аналармен және қоғаммен өзара әрекеттесу.....	12
Құндылыққа бағдарланған білім беруді оқу бағдарламасына кіріктіру.....	13
Тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру.....	14
Бағдарламаны іске асыру тетігі.....	17
БЛОК I	
Білім беру мазмұны мен сынып сағаттары арқылы құндылықтарды енгізу.....	18
Білім беру мазмұны арқылы құндылықтарды дарыту процесі.....	20
Тәуелсіздік және отаншылдық.....	22
Бірлік және ынтымақ.....	24
Әділдік және жауапкершілік.....	26
Заң және тәртіп.....	28
Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік.....	30
Жасампаздық және жаңашылдық.....	32
БЛОК II	
Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар арқылы құндылықтарды енгізу.....	34
Жобалар.....	35
Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралардың тақырыптық күнтізбесі.....	36
«ҚАМҚОР» ЖОБАСЫ.....	38
«ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН» ЖОБАСЫ.....	43
«SMART BALA» ЖОБАСЫ.....	48
«ШАБЫТ» ЖОБАСЫ.....	51
«ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ» ЖОБАСЫ.....	59
«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» ЖОБАСЫ.....	62
АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ.....	66
АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ.....	73
БЛОК III	
Іске асыру жоспары.....	80
Ақпараттық қолдау.....	82
Брендiлеу.....	83
Пайдаланылған әдебиеттер.....	84

Тәрбие ұстағанының идеологиялары

Ұлттық бірегейлік

Қоғамға қызмет

Экологиялық мәдениет



«Қағидамыз – әділдік, тірегіміз –
жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу»

Қ.Тоқаев




**Құқықтық мәдениет
және медиа
сауаттылық**

Буллингсіз әлем

**Тәрбие парадигмасын
жаңарту**

Тәрбие парадигмасын жаңарту

(Қазақстан Республикасы Президентінің Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзіне сәйкес)



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі 17 маусым 2023 жыл









Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам - Адал еңбек - Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі 15 наурыз 2024 жыл

Кіріспе

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың¹ «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды атап өтті:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам - Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі 15 наурыз 2024 жыл



Бұл құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылатын болады



Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінеді. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды:

Барлығы 77

Сынып сағаты 34/33

Жалпы мектепішілік іс-шара 43

Қыркүйек
ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ
БІЛІКТІЛІК АЙЫ

Қазан
ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ
ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

Қараша
ӘДІЛДІК ЖӘНЕ
ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

Желтоқсан
БІРЛІК ЖӘНЕ
ЫНТЫМАҚ АЙЫ

Қаңтар
ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

Ақпан
ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН
ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ

Наурыз
ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ
ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

Сәуір
ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ
БІЛІКТІЛІК АЙЫ

Мамыр
БІРЛІК ЖӘНЕ
ЫНТЫМАҚ АЙЫ

Маусым
ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН
ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ

Шілде
ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

Тамыз
ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

Әр айдың іс-шаралары

күнделікті

- **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- **«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу
- **«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау

апта сайын

- **«Менің Қазақстаным»** – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
- **«Апта дәйексөздері»** – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
- **«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу

Қолайлы білім беру ортасын құру және оның білім алушының мінез-құлқына әсері

Оқу-тәрбие процесінде қолайлы жағдай жасауда білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтер басты рөл атқарады. Осыған байланысты:

Білім беру ортасын құру және қолдау

- Білім беру ұйымының қауіпсіздігін және абаттандыруды қамтамасыз ету.
- Ынтымақтастық атмосферасын құру.
- Адамгершілік, әлеуметтік және мәдени орта құру.
- Білім беру ұйымының физикалық жағдайын, соның ішінде жарықтандыру, шу деңгейі, ауа сапасы және температура жағдайларын жақсарту маңызды.

Білім беру ұйымының мәдениетін қалыптастыру және жүзеге асыру

- Негізгі құндылықтарды қолдайтын тұжырымдамалар әзірлеу және енгізу.
- Білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін нақты этикалық стандарттар орнату.
- Білім алушылардың тұлғалық өсуіне ықпал ететін инклюзивті ортаны құруға жәрдемдесу.
- Құндылыққа негізделген тәсілді дамытудағы олардың рөлі мен әсерін түсіндіре отырып, жаңа қызметкерлерге бағыт-бағдар дәрістерін өткізу.

Ынтымақтастықты қолдау

- Педагогтер мен білім алушылар арасында мағыналы және сыйластық қарым-қатынас орнату.
- Білім алушылар арасындағы достық қарым-қатынасты дамытуға ықпал ету.
- Ата-аналармен ынтымақтастыққа жағдай жасау және оларды мектеп өміріне тарту.
- Жергілікті қауымдастықтармен және ұйымдармен байланысты нығайту.

Тәрбиеде құндылықтарды қалыптастыру

- Күнделікті іс-әрекетте үлгі көрсету.
- Сыныпта және одан тыс жерлерде тәрбиені жүзеге асыру және белсенді орындау.
- Құндылықтарды қалыптастыру тәсілдерін жүзеге асыру үшін басшылықпен үйлестіру.
- Білім алушыларға қауіпсіз және қолдаушы ортада өз құндылықтары мен нормаларын дамытуға мүмкіндік жасау.

Оқыту және дамыту

- Құндылықтар мен тұлғаны қалыптастыру мәселелеріне бағытталған сынып сағаттарының мазмұны арқылы құндылықтарды кіріктіру;
- Өзекті мәселелерді және тұлғалық дамуды талқылау үшін пәннің мазмұнын пайдалану.
- Адамгершілік қасиеттерді бірлесе оқыту мақсатында мектепішілік іс-шаралар ұйымдастыру.
- Білім алушыларды белсенді түрде қызықтыру үшін түрлі педагогикалық әдістерді қолдану.
- Этикалық дилеммаларды талдау және шығармашылықты дамыту үшін оқу материалдары мен ресурстарын пайдалану.

Сабақтан тыс қызмет

- Көшбасшылық қасиеттерді көрсету және дамыту үшін сабақтан тыс іс-шараларды ұйымдастыру.
- Білім алушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін ашу үшін мектеп іс-шараларын өткізу.
- Білім алушыларда құндылықтарды қалыптастыруға ынталандыру үшін қоғам қайраткерлерін, ата-аналарды шақыру.
- Әлеуметтік белсенділік және волонтерлік қызмет жобаларын әзірлеу және іске асыру.

Ата-аналармен ынтымақтастық

- Ата-аналармен ашық және жағымды қарым-қатынасты дамыту.
- Мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту үшін ата-аналарды мектеп өміріне тарту.

Жергілікті қоғамдастықпен өзара қарым-қатынас

- Білім алушылардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейту үшін жергілікті ұйымдармен қарым-қатынас орнату және қолдау.
- Әлеуметтік даму мен қоғам өміріне қатысуға бағытталған мектеп жобалары мен іс-шараларын ұйымдастыру.



Оқу пәндеріне кіріктіру

- Құндылыққа негізделген тәсілдерді негізгі оқу пәндеріне кіріктіру.
- Әлеуметтік ғылымдар, тілдер және музыка арқылы құндылықтарды оқыту.

Сыныптан тыс іс-шаралар

- Білім алушылардың дағдылары мен әлеуметтік қарым-қатынастарын дамытуға бағытталған сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастыру.
- Ұлттық мерекелер, кітап оқу сағаттарын, цифрлық гигиена сабақтарын, салауатты өмір салтын насихаттау және спорттық шараларды ұйымдастыру және өткізу.

Құндылықтарды дамыту сағаттары

- Өзіндік рефлексия мен сыни тұрғыдан ойлауды, шешім қабылдауды дамыту мақсатында сабақтар өткізу.
- Түрлі аргументтермен және қолдану тәсілдермен танысу.

Осындай оқу ортасын құру және осы міндеттерді орындау арқылы басшылар мен педагогтер білім алушылардың бойында жағымды мінез-құлық пен құндылықтарды дамытуға айтарлықтай әсер ете алады.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы ұсынымдық сипатта және білім беру ұйымдарында құндылық пен құзыреттілікке негізделген тәсілдерді енгізуге арналған.

Бұл шаралар мен стратегиялар әрбір мектептің нақты жағдайлары мен қажеттіліктеріне бейімделуі мүмкін, сонымен қатар тиімді және қолайлы білім беру ортасын құруға көмектеседі. Осы ұсыныстарды орындау басшылар мен педагогтерге білім алушылардың бойында жағымды мінез-құлық пен құндылықтарды қалыптастыруға, олардың жан-жақты дамуын және болашақ өмірге дайындалуын қамтамасыз етуге айтарлықтай әсер етуге мүмкіндік береді.

Білім беру ұйымдары деңгейінде

- білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы құндылыққа негізделген білім беруді жоспарлаудың біртұтас тәсілін енгізуге;
- білім беру ұйымдарының вариативті білім беру бағдарламаларын әзірлеуде, білім алушылардың мүдделерін, қажеттіліктерін, жергілікті қоғамдастықтың сұраныстарын және мемлекеттік органдардың басымдықтарын ескере отырып, білім беру қызметінің нысандарын, әдістерін таңдау дербестігін қамтамасыз етуге;
- сынып/куратор сағаттарын оқу процесінің толыққанды және ажырамас құрамдас бөлігі ретінде анықтауға;
- білім берудің базалық құндылықтарына сәйкес жалпы іс-шаралардың мазмұнын байыту (мемлекеттік және ұлттық мерекелерге байланысты іс-шаралар; елдегі атаулы күндер мен маңызды оқиғаларға арналған іс-шаралар; оқу жылының басталуы мен аяқталуына арналған салтанатты іс-шаралар; олимпиадалардағы, спорттық және шығармашылық конкурстар мен жарыстардағы жетістіктері үшін білім алушылар мен педагогтерді марапаттау рәсімдері);
- қоғамның отбасымен және серіктестерімен ынтымақтастық нысандарын кеңейту;
- белгіленген көрсеткіштерге сәйкес тәрбие жұмысына үнемі ішкі бақылау жүргізу.

Педагогтер деңгейінде

- оқу/білім беру бағдарламаларының мазмұны зерттелетін, құндылықтарды оқыту мен тәрбие процесіне енгізудің ең тиімді жолдары талқыланатын үздіксіз даму және ынтымақтастық мәдениетін құру;
- білім беру бағдарламаларының мазмұнындағы құндылықтардың үйлесімді кіріктіруін қамтамасыз ету (оқытудың белсенді әдістерін қолдану арқылы пәнаралық және пәнішілік байланысты қамтамасыз ету, сәйкес мәтіндерді, тапсырмалар мен жаттығулар таңдау);



- оқу-тәрбие процесіне жобалық жұмысты кіріктіру;
- сыныптан тыс іс-шаралар нысандарын кеңейту (акциялар, қайырымдылық және волонтерлік іс-шаралар, мәдени іс-шаралар, туристік сапарлар мен мұражайларға бару, шақырылған қонақтармен кездесулер және т.б.);
- жоғары оқу орындары мен колледждердің педагогикалық факультеттерінің білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту.

Отбасымен ынтымақтастық деңгейінде

- ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту және оларды бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге тарту (құндылықтарды бірлесіп талқылау, балалардың дамуы мен әл-ауқаты үшін бірлескен шешімдер қабылдау);
- білім алушылардың даму динамикасын бақылау және сапалы кері байланысты қамтамасыз ету үшін жаңа форматтағы ата-аналар жиналысын (білім алушылармен жеке және топтық консультациялар, педагогикалық кеңестер, тренингтер, семинарлар, ашық есік күндері, ата-аналар конференциялары, педагогикалық қонақ) өткізу;

- ата-аналардың педагогикалық мәдениетін тәрбиенің өзекті тақырыптары және жасөспірім балалармен өзара бірлескен іс-шаралар, ата-аналар дәрістерін ұйымдастыру арқылы арттыру;
- ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған семинарлар өткізуде, бағдарламаларды, әдістемелік құралдарды әзірлеуде қоғамдық ресурстық орталықтарды тарту;
- бірлескен мәдени және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру арқылы ата-аналардың әлеуметтенуіне жағдай жасау.

Қоғамдық серіктестермен өзара іс-қимыл деңгейінде

- ведомстволық ұйымдарды тәрбие міндеттерін шешуге тарту;
- жергілікті көрікті жерлермен танысу үшін сабақтар/іс-шаралар ұйымдастыру (мұражай педагогикасы, театр педагогикасы, өлкетану экскурсиялары, кәсіпорындарға сапарлар);
- басқа білім беру ұйымдарының педагогтерімен, жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамымен, ғылыми және қоғамдық ұйымдармен кәсіби даму мәселелері бойынша ынтымақтастық орнату үшін жағдайлар жасау;
- шетелдік әріптестердің озық кәсіби тәжірибесін зерделеу және пайдалану үшін ынтымақтастықты жаһандық деңгейде кеңейту;
- білім алушыларды заманауи кәсіптермен және өзекті дағдылармен таныстыру үшін түрлі саладағы мамандармен мансаптық консультациялар ұйымдастыру.

Бағдарламаны іске асыру тетігі

1

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ БАРЛЫҚ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫН КӨЗДЕЙТІН БІРТҰТАС ТӘСІЛДЕМЕ

2

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІ МЕН ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, ВАРИАТИВТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ӨЗІРЛЕУ

3

СЫНЫП-КУРАТОРЛЫҚ ЖҮЙЕ ШЕҢБЕРІНДЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ, ЯҒНИ. СЫНЫП САФАТТАРЫ МЕН СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРАЛАР

4

БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫНА СӘЙКЕС ЖАЛПЫ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫН КЕҢЕЙТУ

5

ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНЕ ОТБАСЫ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДЫ ТАРТУ

6

БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫ ТҰРАҚТЫ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ